

Аңдатпа

Жобаларды басқару және қолдау нарыққа тез және тиімді инновацияларды енгізудің озық құралы ретінде қарастырылады. Қазіргі уақытта бұл мәселеде шешуші рөлді компьютерлік басқару жүйелері және жобаларды сүйемелдеу атқарады.

Дипломдық жұмыстың объектісі «Талшықты-оптикалық байланыс желісі технологиясын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендеріне кеңжолақты қатынауды қамтамасыз ету» жобасының аясында «Arlan System Integration» ЖШС сымсыз шешімдер департаментінің кеңсе процестерін автоматтандыру болып табылады. Жобаның аналитикалық бөлімінде қолдау тұжырымдамасы жан-жақты қарастырылған. Жобалау бөлігінде ақпараттық жүйенің кезең-кезеңмен дамуы сипатталған. Тәжірибелік бөлімде жүйемен жұмыс істеу туралы егжей-тегжейлі сипаттама берілген. Сондай-ақ экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің есебі қамтамасыз етіліп, еңбек жағдайын интегралды бағалау жүзеге асырылады.